



SCHOOL TIME



Дәң мектеп - гимназиясы • Донская школа - гимназия • Don school-gymnasium

"Газет - халықтың көзі, құлағы, һәм тілі"
А.Байтұрсынұлы

Құрметті оқырмандарымыз, Жаңа Қазақстанға аяқ басқан тұста талай шәкіртті түлетіп, арманына қанат қактырған білім ордамыздың қуанышты жаңалығымен сүйіншілегіміз келіп отыр. Мектеп-гимназиямыз бүгінгі күннің басты жобаларының бірі мектеп газетінің алғышқы басылымын шығарып, сіздердің назарларыңызға ұсынып отыр. Мектеп-гимназия өміріндегі елеулі оқиғалар мен басты жаңалықтарды, сонымен қатар, ұстаздарымыз бен білім алушыларымыздың жетістіктерін осы газет беттерінен оқи аласыздар. Алдағы уақытта талай жақсы жаңалықтармен қуантатынымызға сеніміміз мол!

Жаңа Қазақстан – жарқын болашақ!



*«Дәң мектеп-гимназиясы» КММ
директоры
Құрманов Абзал Еркінұлы*

"Ұлт ұстазы - Ахмет"

Ахмет Байтұрсынұлы мемлекет және қоғам қайраткері, ағартушы, педагог, ақын, публицист, ғалым, реформатор, лингвист, патриот ретінде танымал тұлға. А.Байтұрсынұлының мұрасы ауқымды және орасан зор. Оған, менің ойымша, оның есімімен байланысты барлық нәрсе қамтылады. Бұл: оның өмірі, туған халқының тіршілігін қамтамасыз етудің барлық салаларын қамтитын қызметі, жанжақты еңбектері, ойлары, идеялары, пайымдаулары. Тәуелсіз Қазақстанның ғалымдары жан-жақты зерттесе, жас буын Ахмет Байтұрсынұлын ризашылықпен зерделеуде. XX ғасырдың феномені, сондықтан барша қазақстандықтардың шынайы қызығушылығын тудырады. Ахмет Байтұрсынұнов Қазақстандағы оқу-білім мәселелерін терең қарастыра отырып, Ыбырай, Шоқан, Абайлардың ісін алға жалғастырған ғалым.

Байтұрсынұлы шығармашылық жұмысын өлең жазудан бастаған. Онда ол еңбекші халықтың ауыр халін, арман-тілегін, мұң-мұқтажын көрсетіп, жұртшылықты оқуға, білім-ғылымға, рухани биіктікке, адамгершілікке, мәдениетті көтеруге, еңбек етуге шақырады. Патшалық Ресейдің қанаушылық-отаршылдық саясатын, шенді-шекпендінің алдында құлдық ұрған шенеуніктердің опасыздығын сынады.

А.Байтұрсынұлының қазақша әліппе жасауы, араб жазуына кіргізген реформасы, қазақ тілі білімнің негізгі терминдерін жұртымыздың образды ойлау мүмкіндігімен сабақтастырып, өз топырағымыздан тауып, оларға тұңғыш анықтама бергені, дыбыс жүйесін (фонетика), сөз жүйесін (морфология), сөйлем жүйесін (грамматика) қалыптастырып шығарған ұлы еңбегі өз кезінде де айтылған болатын. «Ахметтің Қазан төңкерісіне шейін қазақ халқын ояту ретінде көп еңбегі сіңді. Қазақ мектебі, қазақ тілі сықылды орындарда оның еңбегі мол... Әр тілдің айдауында жүрген қазақ балаларына қазақ тілінен

кітап жазған, қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргесін қалаған алғашқы адам – Ахмет.

Ахметтің бұл тарихи еңбегі бағаланбай қалмақ емес. Мұны пролетариат та бағалайды», – деп жазды Сәбит Мұқанов. «Бір кезде сары маса боп ызындап оятқан Ахметті қазақ еңбекшілері де қадірлей біледі, сөзін оқып сүйсінеді», деген Хаббас Тоғжанов пікірі де С.Мұқанов пікірімен сабақтас келеді.

Халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жинап жарыққа шығаруда Байтұрсынұлы зор еңбек сіңірді. Әдебиет саласындағы алғашқы зерттеуі деп оның «Қазақ» газетінің 1913 жылғы үш санында шыққан «Қазақтың бас ақыны» деген көлемді мақаласын атауға болады. Онда қазақ халқының рухани өмірінде Абайдың аса ірі тұлға екені, өмірбаяны, шығармаларының мазмұн тереңдігі, ақындық шеберлігі, поэтикасы, орыс әдебиеттерімен байланысы туралы ойлы пікірлер айтылған, ақын мұрасының эстетикалық қадір-қасиеттері ашылған. Қазақтың эпостық жыры «Ер Сайында» алғы сөз бен түсініктемелер жазып, оны 1923 ж. Мәскеуде шығарды.

Қазақ ауыз әдебиетінде молынан сақталған жоқтау-жырларын арнайы жүйелеп, сұрыптап, 1926 ж. «23 жоқтау» деген атпен жеке кітап етіп жариялады. Байтұрсынұлының қазақ әдебиеттану ғылымы мен әдебиет тарихы жөніндегі тұңғыш көлемді еңбегі — «Әдебиет танытқыш» (1926). Мұнда көркем сөз өнерінің табиғаты, сыры, мазмұны, ерекшеліктері, жанрлары, жаңа терминдер, ұғымдар жайлы жан-жақты зерттеулер, тұжырымдар сөз болды. Бұл еңбегінде Байтұрсынұлы ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің әлеуметтік, қоғамдық мән-маңызын ашудан гөрі адамгершілік, эстетикалық әсемдік әуенін талдауға көбірек көңіл бөлген. Сондай-ақ мұнда жазба әдебиеттегі ағымдар, әдістер туралы ой-түйіндер айтылған. Кітаптың бірінші бөлімі «Сөз өнерінің ғылымы» деп аталады да, онда көркем сөздің

толып жатқан қыры мен сыры, тараулар мен тармақтар, тіл әуезділігінің қыруар шарттары, «сөздің өлең болатын мәнісі», өлең айшықтары, «шумақ түрлері», «тармақ тұлғалары», «бунақ буындары», «ұйқастығы» т.б. сөз етіледі.

Екінші бөлімі «Қара сөз бен дарынды сөз жүйесі» деп аталады да, көркем қара сөз табиғаты, оның тараулары — шежіре, заман хат, өмірбаян, «мінездеме», тарихи әңгіме, «әліптеме, әліптеу тәртібі — мәнді әліптеме, сәнді әліптеме, жол әліптемесі, байымдама, байымдау әдістері, түрлері — пән, сын, шешен сөз, оның түрлері, саясат шешен сөзі, білімді шешен сөзі, уағыз көркем сөз» деп жүйелеп келіп, әңгіме, романға сипаттама береді. Еңбектің «сындар дәуірі, онда шығарма түрлері» атты тарауы өте манызды. Онда сыншыл реализм туралы алғашқы пікірлер нышанын кездестіруге болады. Сөзімді қорытындылай келе, Ахмет Байтұрсынұлының рухының ұлылығы өзі бүкіл өмірін арнаған халқынан танылады. Ахмет Байтұрсынұлының мұрасы әлемдік мәдениеттің бір бөлігіне жатады және ол бүкіл адамзатқа қол жетімді болуға міндетті. Өйткені ол халқының қамын ойлаған нағыз патриот еді, бәсекеге қабілеттілігіне, табиғи ерекше қабілеттері мен дарындылығына сенді. Қазақ мемлекетін өркениетті еуропалық елдердің қатарынан көруді армандады. Бар күш-жігерін, өнер-

жүреді. Бала осы кезде белгілі дәрежеде білім алады, іскерлікке үйренеді, өзін қоршаған ортамен қарым - қатынас жасауға қоғамдық өмірдің әдет - дағдыларын. білімін халқының көзін ашуға жұмсады. Ғылым мен өнер дамыса, ел жағдайының жақсаратынын терең түсінген Ахмет атамыз ғылымның бірнеше саласына қалам тартып көрді. Қазақ тілі мен әдебиеті, тарих, түркітану, терминтану салаларына қосқан өлшеусіз еңбектері — соның жемісі. Ахмет атамыздың заманы — біздің заманымыздың атасы. Қазақ халқының да болашақта дамыған елдермен терезесі тең, керегесі кең іргелі мемлекетке айналуы үшін Ахмет атамыз бар ғұмырын сарп етуден тайынған жоқ. Жанашырлығы халқының көңіліне медеу болып, бұл күнде Алаш дегенде екі адамның бірінің ойына Ахмет атамыз келеді. Ғалымдығы мен жазушылығы қатар толысқан адамның басты ойы — елінің білімді болуы. Әр қазақ Аханның аманаттаған сөзін арқалап, жетер жеріне дейін жеткізері анық. Адамдықтан, адалдықтан Алла берген жанын аламын деседе аттамаған Ахмет атамыз — біздің мақтанышымыз. Бүгінгі ұрпақ Алаштың әр азаматын танып, өне бойына айтқан ақыл-кеңестерін, істеген істерін сіңіріп өсу керек.

Смагулова Э.С.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.

ПӘНІМДІ БЕРУДЕГІ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ.



Қазіргі қоғам жан - жақты білімді, мәдени ой - өрісі өсіп жетілген, ұлттық салт - сананы бойына сіңіріп өскен, жаңа адамды тәрбиелеуді бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына кірудің манызды алғы шарттарының бірі ретінде қарастыруда. Баланың жеке тұлға ретінде дамуы, өзіндік көзқарастарының қалыптасуы, ой — өрісінің кеңеюі мектеп табалдырығынан басталаны сөзсіз. Баланың шығармашылық қабілетін дамыту үшін ұстаз «Жаңашыл» ұстаз болуы қажет. Жаңа технологиямен жұмыс жасай отырып, газет - журналдардан, акпарат құрал көзі болып табылатын интернеттен жаңалықтарды ала отырып, оны өз сабақтарында қолдануы қажет. Білім игерту, ақыл - ой қызметін дамыту. Өзара қарым - қатынас жасауда жетістіктерге жеткізу. Дамытушы ойындарды қолдана отырып, өздігінен шешім шығаруға үйрету және неғұрылым мықты біліммен біліктілікті арттыруға қол жеткізу. Оқушылардың бойындағы тану, іздену әрекетін дамыта отырып, ойлауға талдау мен әрекеттің логикасын және ойлау процесінің икемділік ұшқырлығын қалыптастыру. І сыныпта көркем еңбек пәніндегі өзекті мәселені шешуде жаңа технология түрлерін және акпараттық технологиясын қолданған жөн. Соның ішінде, ТРИЗ технологиясын жиі пайдалу қажет. Бұл технологияның пайдасы оқушылардың ойлауын, елестету мен есте сақтауын, белсенділігін қалыптастырады. Сондай - ақ, оқушылардың білім мен қаруландырып қоймай, олардың қисынды ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту үшін «Сюжетті - рөлді ойындар», «Дидактикалық ойындар», «Драматизациялық ойындар», «Қимылды ойындар», «Құрылыс ойындар» және «Ұлттық ойындар» түрлерін сабақ үстінде жиі - жиі пайдаланған дұрыс. Ойнау, еңбек ету және оқу барысында оқушыда ақыл - ой, физикалық және көркем тәрбиенің даму процесі қатар

игеруге бейімделеді. Баланың жан - жақты қалыптасуы үшін мектеп табалдырығын жаңа ғана аттаған бүлдіршін бойына жақсы, жағымды қасиеттерді сіңіре білу керек

Мысал ретінде төмендегі көрсетілген әдістерді бірінші класс оқушыларына бейнелеу өнері сабағында жие - жие пайдалануға болады.

«Саусақ іздері»

Суреттегі «Жемісті бұтақ» суретін салу үшін саусақты сұйық гуашьқа батырып саусақ іздерін қағаз бетінде қалдырамыз. Осы әдіспен гүлдер, моншақ, жемісті бұтақ жапырақтарын, балық т.б салуға болады.

«Мақталы таяқшамен сурет салу»

Бейнелеу тәсілі: бала мақталы таяқшаны гуашьқа малып, қағаз бетіне түрту арқылы бейнені түсіреді.

«Монотипия» әдісі. Аталған әдіспен суретті салу үшін қағазды екі бүктеп, бірінші жағына салынатын суреттің жартысын қою бояумен салып, екінші жағын бүктеп салуға болады. Бұл әдіспен ағаш, көбелек, судағы аққу, балық т.б салуға болады.

«Көкөніс ізі» Ол үшін сәбіз, шалғам, картоп аламыз. Көкөніске салынатын сурет бейнесін ойып салып, ойылған бейнені бояуға батырып қағаз бетіне түсіреміз.

«Жапырақ ізі» әдіспен суретті салу үшін құрғақ жапырақты алып бетіне бояуды жағып, қағазға із түсіруге болады.

"Құм" терапиясы. Аталған әдіспен суретті салу үшін ақ қағазға алдын ала шалғынның бейнесін салу керек. Содан соң ПВА желімімен қылқалам арқылы шалғынның бейнесін желімдеп құмды үстінен себуге болады.

«Алақанмен» сурет салу кезінде тостағанға құйылған гуашьқа бүкіл алақанды батыру керек немесе қылқаламмен жағамыз. Ақ қағазға күн, медуза, зымыран құс, сегізаяқ т.б. бейнесін салуға болады.

Мектеп табалдырығын жаңа аттаған бүлдіршіндердің білім беру үрдісінде акпараттық қатынасты технология құралдарын қолданудағы мақсатымыз - баланың танымдық қызығушылығын қалыптастыру болып табылады. Балада танымдық қызығушылықтың болуы олардың оқу іс - әрекеттерге белсенді, білімнің сапалы болуына, басқа да іс

- әрекеттерге жағымды түрткісін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Қазақ халқында «Баланды бес жасқа дейін патшандай күт, бес жастан он бес жасқа дейін құлындай жұмса, он бес жастан асқан соң досындай сырлас» деген тама сөздің философиялық мәні бар. Тәрбие мен білімнің алғашқы дәні бастауыш буын саласында берілетін болса, жарқын болашақтың тамырын терең, тұғырын биік естіп ұстайтын жас ұрпақтың бойына

арқылы кіші мектеп жасындағы оқушыларын тәрбиелеуде орны ерекше.

Ы. Алтынсарин – қайталанбас тұлға, қазақ халқының салауатты өмірді серік етіп, оларды әлемдік заманауи біліммен қамтамасыз ету, осылайша тәуелсіз еліміздің білімді азаматын тәрбиелеу - сіз бен біздің ортақ мақсатымыз деп білген жөн.

**Достаева Ж.Г., педагог сарапшы.
Бастауыш сынып мұғалімі.**



КІШІ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ ОҚУШЫЛАРҒА ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАЛАРЫН ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Қазақ халқының халықтық педагогикасын білім берумен ұштастыра білген Ы. Алтынсарин өзінің шығармалары арқылы бала тәрбиелеудегі білім беру мен тәрбиелеу мәселесін бірінші орынға қойып, оның өзекті мәселелерін шешуге тырысты. Білімнің әртүрлі бағыттары бойынша білім беретін қазақ даласындағы алғашқы мектептердің негізін қалаған ағартушы ғалым Ы.Алтынсариннің қазақ халқы үшін биік дара тұлға екені сөзсіз.

Оқушы тұлғасы мен білім сапасының дамуы қуатты жүретін ерекше құнды, қайталанбас кезеңі бастауыш сыныпта қалыптасады. Сондықтан да бастауыш білім берудің алғашқы басқышы болып табылады. Мектептің бастауыш сатысында оқушы дайын стандартпен жазу, оқу және есептеуді үйренеді.

Бастауыш сыныпта "Әдебиеттік оқу" пәнінің алатын орны ерекше маңызды. Әдебиеттік оқу сабағы оқушыларды сөздік шығармашылыққа, көркем шығармаларды оқуға ынталандырады, оның тәрбиесіне ықпал етіп, жеке тұлғасын қалыптастырады. Аталған сабақ барысында көркем шығармашылық және танымдық қабілеттері дамиды, сөз өнеріне үйреніп, ой-өрісі қалыптасады. Сонымен қатар кітап оқуға деген қызығушылығы артып, адамгершілік тәрбиесі молаяды, сезімдері мен ерік-жігерлері тәрбиеленеді.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығының ірге тасы бастауыш мектепте қаланатынын, сонымен қатар оқушылардың оқу еңбегіне қажетті оқу іс-әрекетінің білігі мен дағдысын игеруі, оқуға үйрену, санау, теориялық ойлаудың қарапайым элементтерін, сөйлеу мәдениеті мен тәртібі, салауатты өмір салтын, жеке бас гигиенасы, отандық және әлемдік мәдениетті түсінуін қамтамасыз ететін білім мазмұны негізгі мектептің әдебиет пәнін меңгеруге база жасаудың негізі болып табылады.

«Әдебиеттік оқу» пәнін оқыту әдістемесі негізінен оқу дағдысын қалыптастыру мен қатар оқушылардың өздігінен оқуға терең қызығушылығын арттырып, оның тұлға дамуындағы рөлін түсінуге, балалардың оқу шеңберін кеңейтуге бағытталады. Мұнда басты назар оқушылардың саналы, түсініп, мәнерлеп, шапшаң, дұрыс оқуына аударылады.

Бастауыш сыныптардағы оқу бағдарламасы көркем әдеби шығармаларды қамтыған. Әдеби шығарма, түрлі бейнелер, олардың іс-әрекеті арқылы өмірді түсінуге көмектеседі. Жазушының идеясы, көңіл-күйі шығарманың мазмұны арқылы оқушыға беріледі, сөйтіп оларда алуан түрлі сезім, ой туғызады, дүниеге көзқарасын қалыптастырады. Осы тұрғыда «Әдебиеттік оқу» пәнінде оқытылатын Ыбырай Алтынсарин әңгімелерін талдату

тағдырына ерекше мән берген ұлы ағартушы – педагог. Ы.Алтынсарин педагогикасы мұраларының негізгі идеяларының бірі – адамның өзара қарым-қатынасы, жастарды еңбекке баулу. Өзінің барлық педагогикалық теориясында жас жеткіншектердің ұлттық тәрбиесін қалыптастырып, жетілдіруде қазақ халқының ғасырлар бойы тәрбие саласында жиган бай тәжірибесін негізге алу қажет деген пікірді ұстанғандардың бірі. Оның дүниетанымдық көзқарасының қалыптасуына ықпал еткен, қазақтың мәдениетін, өнерін терең білетін, ақыл-парасаты жоғары, сөзге шешен, елге сыйлы атасы. Ыбырай бала жастан халықтық педагогикадан алған тәлім-тәрбиесін, үлгі – өнегесін, көңіліне түйгендерін оқу ағарту істері арқылы қазақ балаларының бойына сіңіре білді. Алтынсарин қазақ балаларын туғаннан дарынды, зерек деп сипаттайды. Ы. Алтынсариннің шағын әңгімелері, өлеңдері адамгершілікке, еңбекке баулиды және үлкендерді, халқының салт-дәстүрлерін құрметтеуге, туған жерін, табиғатын сүюге тәрбиелейді. Бала жанының зергері Ы. Алтынсарин әңгімелерінің бәрі де бүлдіршіндердің жас ерекшеліктеріне орай тілі жеңіл, мазмұны тартымды болып келеді.

Ы.Алтынсариннің шағын әңгімелері, өлеңдері балаларды адамгершілікке, еңбекке баулиды және үлкендерді, халқының салт- дәстүрлерін құрметтеуге, туған жерін, табиғатын сүюге тәрбиелейді. Бала жанының зергері Ы. Алтынсарин әңгімелерінің бәрі де бүлдіршіндердің жас ерекшеліктеріне орай тілі жеңіл, мазмұны тартымды болып келеді. Ы.Алтынсариннің шығармаларын тәрбиелік мәні бойынша бірнеше бағытқа бөлуге болады:

- еңбекке баулу («Әке мен бала», «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш»)

- туған жерге, табиғатқа сүйіспеншілік сезімін ояту («Таза бұлақ», «Жаз», «Туған өлке»)


- үлкендерді құрметтеу («Мейірімді бала», «Аурудан аяған күштірек», «Шеше мен бала»). Сонымен қатар, оның әңгімелері бала тәрбиелеу мәселесіне негізделген «Бақша ағаштары» деген шығармасы ерекше көңіл аударарлық. Бұл әңгімесінде Ыбырай жас ұрпақтарға дұрыс тәрбие беріп, оларды жас кезінен дұрыс баулу мәселесіне ерекше көңіл бөлді. Баланы дұрыс күт, түзу тәрбиеле, қисығын түзе, адасса айқын жолға сал деп жазды. «Баланы жас күнінен түзу тәрбие беру оның болашақ өмірі үшін қажет. Есейіп кеткен соң қисығын түзеу қиынға түсетінін айтады.

Қорыта келе, ұлы жазушымыздың балаларға арналған шығармаларында қандай тақырыпта жазса да алдымен нені мақсат етіп көрсетуге болар еді деген мәселеге тоқтайды. Жазған әңгімесін өмірде кездесетін, баланың өзі назар аударатындай заттармен, іс-әрекеттермен байланыстырып отырады. Себебі, мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндердің зейіні тұрақты болмағандықтан, бүлдіршіндерді қызықтырып, назарын аударту педагогтің ең басты міндеттерінің бірі екенін білген қазақ елінің

дарынды перзенті әңгімелерінің бәрі де бүлдіршіндердің жас ерекшеліктеріне орай тілі жеңіл, мазмұнды, тартымды, олардың жан дүниесіне әсер етерліктей етіп берілгендігін атап көрсеткен. Ұлы ағартушымыз артына қалдырған асыл мұрасы сан мыңдаған ғасырлар өтсе де,

13 желтоқсан 2022 жыл өз маңызын жойған емес. Жас өспірімдерді өскелең мәдениетке жетелейтіндей өмір оқулығы, отаны үшін алысқан күрес құралы болуы тиіс.

Сальменова А.А.
Бастауыш сынып мұғалімі.



2022-Балалар жылы аясында, «Балалар және театр» жобасын іске асыру аясында «Парасат» мектеп парламентінің ұйымдастыруымен балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында «**Көңілді жайдарман**» әзіл-ысқақ ойыны өткізілді. Ойын барысында ауыспалы мектеп кубогі ойынға жоғары дәрежеде дайындықпен келіп, ойын көрсеткен, 2021-2022 оқу жылының ауыспалы кубогінің иегері 9а класс оқушыларынан құралған «АВС» командасы қайта иеленді, жетекшісі Тасмағанбетова М.А. 1 орынды 10 класс оқушыларынан құралған «Қорықпандар» командасы, жетекшісі Нурлина Г.Е, 2 орында 9б класынан құралған «Кока-кола» командасы, жетекшісі Турлыбаева А.Ж, 3 орынды 9ә класынан құралған «Арыстандар» командасы, жетекшісі Кушербаева Д.М иеленді. Барлық ойынға катысқан командалар гимназия директорының алғыс хаттарымен және ынталандыру сыйлықтарымен марапатталды.



«Үздік ойыншы» номинациясын 9ә класс оқушысы Әбіш Ідіріс иеленді. Кеш жүргізушілері 9а класс оқушысы Құланбай Меруерт, 9б класс оқушысы Морозова Ксения.

Абылай Альфира, Базарбекова Адина
«Ақпарат» фракциясы жетекшілері.



«Би мұрасы - Шара»

«Би мұрасы - Шара»

Шара Жиенқұлованың туғанына 110 жыл толуына орай 6-11 сынып білім алушылары арасында «Би мұрасы-Шара»тақырыбында би байқауы өтті. Байқау нәтижесіне сай 9б класы /жетекшісі Турлыбаева А.Ж/-бас жүлдеге ие болса, 1 орынды-10 сынып /Нурлина Г.Е/, 2 орынды-6а /Басауова А.С/, 6ә /Балтабекова А.А/ сыныптары, 3 орынды-9ә /Кушербаева Д.М/ және 7ә /Ахетова А.О/ сыныбы иеленді. Үздік биші номинациясымен 10 сынып оқушысы Тасқынбай Ринат пен 9б сынып оқушысы Евдокимова София марапатталды. Ал 1-5 сынып білім алушылары арасында «Би мұрасы-Шара» би байқауының нәтижесіне сай 5а класы /жетекшісі Реймова А.К/-бас жүлдеге ие болса, 1 орынды-3ә /Кеулимжаева Г.К/, 2а /Капина А.О/, 5в /Темірбекқызы Б/, 5а /Реймова А.Ж/ сынып, 2 орынды-4а /Биржанова А.А/, 3а /Есентаева А.Н/, 1а /Өмірзақова С.Ө/, 3б /Суюнгарина Г.К/ сыныптары, 3 орынды-4б /Мурзабаева М.А/, 4ә /Достаева Ж.Г/, 2ә /Шаирова А/, 1ә /Изтаева А.А/, 1-2б /Бердибаева Р.М/, 1а /Өмірзақова С.Ө/ сыныптары иеленді. Құттықтаймыз!



Қар

Айнала ғажап, боранды қар,
Кеудені кейде қысады ызғар.
Құлып жабық, кілт жоқ әттен,
Есімде менің сол қаңтар.
Көшені қаптап аппақ қар,
Тондырды біраз, ызғары бар.
Жүрегімді мұз жаулап,
Жылытқан мені шоқ шамдар.
Түнімен жауған қалың қар,
Жалтылдаған жұлдыздар,
Жоғалтты ізімді кенеттен,
Жүрмін бе іздеп жоқ жылдар?

Құланбаева Меруерт
Мектеп Президенті

Қыс

Кең далам ақ көрпеге орандың,
Ыстық күнім суық күнге айналдың.
Жылы күнге ене алмай,
Жүр ғой ана халқыңда.
Қызыл түске боялып,
Суық күнде жүргенің,
Бір белгісін беріп-ай!

Серікова Сесім
5а сынып оқушысы

Құттықтраймыз!

«Ақтөбе-Дарын» өңірлік ғылыми-тәжірибелік қосымша білім беру орталығының бұйрығы негізінде 28 қыркүйек күні №3 Хромтау орта мектебінің базасында 1-7 класс оқушыларына арналған «Зерде» жобалар байқауының аудандық кезеңі өтті. Мектебімізден 37 оқушы, 30 жұмыс қатыстырылды. Байқау нәтижесі бойынша 19 жүлделі орынға ие болып, 65 пайыз көрсеткіш болды.



1-орын.

Марат Ернұр - Букаркина Б.Р.
Құлтасбай Адия, Есенғали Инабат-Достаева Ж.Г.
Жолмуратова Жанерке- Қарасаева Ә.Ж.
Құланбай Айару-Кусантаева Д.З.
Қанатова Айлан-Бибиталина Ж.Б.

Таңат Адина-Капина А.О.

Ахметшин Линар. Мақсат Ерасыл-Утегенов



2-орын

Базарбек Аян, Аман Әсем-Кульмаханова А.М. Турлыбаева А.Ж,
Манаспаева Ақжібек-Мурзабаева М.А.
Сайлаубаева Перизат-Кушербаева Д.М.

Ереметов Максим, Паршин Линар- Евдокимова Н.В.



3-орын

Сайым Жадыра-Кенесова А.А.
Нысанбай Айкөркем-Реймова А.Ж.
Габидуллина Амира, Жакаим Нурали- Турлыбаева А.Ж.
Бижанова Д.М.
Жұмабек Аружан-Ермеккарина А.Қ.

Тағыберген Айару-Өмірзақова С.Ө.
Ғалым Кәусар-Турлыбаева Ж.Е.
Жапакова Амина-Суюнгарина Г.К.
Серік Жансая, Бақыт Іңкәр - Ургенишбаева А.Г.

Мақтау қағазы

Серикова Сезім-Сальменова А.А.
Жасағанбергенова Баянсұлу-Есенов А.А.
Мырзағали Бекзат-Салимкереев М.Е.
Бердіғали Кәусар-Тасмағанбетова М.А.
Таңат Назым-Кеулимижаева Г.К.
Қайырбай Азиза-Есентаева А.Н.
Құсауын Аяна -Нурлина Г.Е.
Есенғалиев Ернұр-Алғақызы А.
Болат Қуаныш-Туржанова А.М.



Облыстық кезеңіне сараптамадан өткен 4 жұмыс қатысты, нәтижесінде 70 пайыз көрсеткіш берді.

Бас жүлде

Қанатова Айлан- Бибиталина Ж.Б.

3-орын

Құлтасбай Адия
Есенғалиева Инабат-Достаева Ж.Г.
Таңат Адина-Капина А.О.

Мақтау қағазы

Ахметшин Линар, Махсатов Ерасыл-Утегенова А.Т.

Биржанова А.А.
Дарын жетекшісі.

"Ақтөбе-Дарын" өңірлік ғылыми тәжірибелік орталығының ұйымдастыруымен өткен ұлт ұстазы,



лингвист-ғалым, ағартушы, ақын, әліпби авторы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына арналған "Адамдық диқаншысы" атты облыстық танымдық-шығармашылық фестивалінің "Ахмет шырағы" атты

драматургиялық қойылымның аудандық кезеңінен жүлделі 1 орынды жеңіп алып, облыстық кезеңінде жүлделі 2 орынмен марапатталды.

Қойылымға қатысушылар

- ❖ Тасқынбаев Ринат-10 сынып оқушысы;
- ❖ Изтлеуов Нұрбек-10 сынып оқушысы;
- ❖ Қуандық Сағыныш-9а сынып оқушысы;
- ❖ Мырзағалиева Ақтоты-7а сынып оқушысы;
- ❖ Елеусіз Қайсар-5а сынып оқушысы;
- ❖ Қойылым жетекшісі: А.К.Нуржанова-қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.

Мекен-жайымыз:
Дөң ауылы, Бейбітшілік 30



8(71336) 41 2 25

don_shkola

don_shkola@mail.kz

«Дөң мектеп-гимназиясы» КММ
директоры
Құрманов Абзал Еркінұлы

Бас редактор
Бекова Гауһар Қалдыбайқызы

Тілшілер
Абылай Альфира
Базарбекова Адина

«Дөң мектеп-гимназиясы» КММ
Жеке баспаханасынан басылды.

Газет 10 данамен таралады.

Айына 1 рет шығады.